

«БЕКІТЕМІН»

«Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ
ұлттық драма театры» РМКК директоры

Е.Жуасбек

19 мамыр 2023 жыл



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитеті «Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық
драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы, 2023 ж.

1- тарау. Жалпы ережелер

1."Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК (бұдан әрі-Театр) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметі туралы осы ереже" сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы "Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-зан) 16-бабының З-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК комплаенс-офицерінің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

3. Осы Үлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын

қалыптастыруды және іске асыруды және сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алушы, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тереуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" негізгі міндепті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаитын құрылымдың бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаитын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

5. Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаитын жауапты тұлға "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК директорының шешімімен айқындалады.

6. Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" РМҚК атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

2-тaraу. Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндептері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

8. Сыйлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің негізгі мақсаты Театрдың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйлас жемқорлыққа

қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1. "Мұхтар Әуезов атындағы Қазак ұлттық драма театры" РМҚК және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3. театрда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

10. Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтің ақпараттық ашықтығы;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі күжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты және театр қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұскаулық;

Театрдагы мүдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

Театр қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

Корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

2) театрдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндөуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанды № 12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес театр қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген). № 14441 құқықтық актілер);

4) театрда Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

5) театр қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

7) мұдделер қақтығысын, оның ішінде театрды жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

8) театрда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

9) театрдағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені театр субъектісінің басшысы бекітеді.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкери комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отырады.

15. Өз қызметі шеңберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) Театрдың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) Іштимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

3) Ткатрдың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

16. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

2) театр субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

3) қызметтік және кәсіптік этиканы сақтайды.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мұддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

18. Театр басшылығы қажет:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

20. Театрдың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

- 1) осы Ұлгілік ереженің 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын театрда қабылданған Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша театрда қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

Театр басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.